

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 22 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі алғашқы екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Агломерацияларды дамыту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Екі заң жобасы бір-бірімен байланысты. Сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса «Агломерацияларды дамыту туралы» Заң жобасы және ілеспе заң жобасы бойынша бір баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Қуантыров Әлібек Сәкенұлына беріледі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қазіргі уақытта елдің агломерацияларында орталық қала және оған іргелес аудандар арасында экономикалық дамуда, қаржылық және адами әлеуеттерде белгілі бір теңсіздіктер бар.

Теңсіздіктердің пайда болуына ықпал ететін негізгі фактор ірі қалалар мен оларға іргелес аумақтарда халық санының бақылаусыз өсуі болып табылады. Мәселен, соңғы 10

жылда Астана қаласының халқы 59 пайызға, ал Алматыда халық саны 37 пайызға өсті, Шымкентте 67 пайызға өсті.

Оған қоса қалалардың аумақтары да едәуір өсті. Мысалы, Астана елорда болғалы жер аумағы жағынан 3 есе өсті, Алматы қаласының аумағы соңғы он жылда 2,5 есе өсті, ал Шымкенттің аумағы 3,5 есе өсті.

Ірі қалаларда халық саны мен жер аумағының өсуі бірқатар проблемаларды тудырып отыр.

Олар – инфрақұрылымның барлық түрлеріне жүктеменің артуы, қаланың шет аймақтарында байламсыз түрде құрылыстың салынуы, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларының болмауы немесе дұрыс іске аспауы, ыңғайлы көлік жүйесінің болмауы, инфрақұрылымдық, әлеуметтік, өнеркәсіптік және объектілердің тапшылығы сияқты тағы басқа да проблемалар.

Аумақтардың үйлестірілмеген дамуының негізгі себептерінің бірі агломерациялардың дамуын реттейтін нормативтік құқықтық базаның болмауы болып табылады. Осыған орай орталық қала мен оның маңындағы аймақ арасындағы функцияларды заңнамалық тұрғыдан бөлу қажеттілігі туындап отыр.

Бір айта кететін жайт, әлемде Ұлыбритания, Франция және Қытай сияқты унитарлық мемлекеттерде де, АҚШ, Канада, Германия, Испания және Италия сияқты федеративті мемлекеттерде де қалалық агломерациялардың дамуын реттейтін арнайы заңдар бар.

Сонымен қатар осы саланы реттейтін заң жобаларын әзірлеу үшін Мемлекет басшысының бірқатар тапсырмалары негіз болды.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Агломерацияларды дамыту туралы» Заңды әзірлеуді тапсырды. Оның үстіне Президент биылғы 5 мамырдағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің отырысында осы заң жобасын үстіміздегі жылдың соңына дейін қабылдауды тапсырды.

Осылайша үздік халықаралық тәжірибені қолдана отырып, министрлік тиісті заң жобаларын әзірледі.

Негізгі заң жобасында «агломерация» терминінің анықтамасы және агломерацияларды анықтайтын тиісті критерийлерді енгізді.

Агломерация құрамын уәкілетті орган, яғни Ұлттық экономика министрлігі қалыптастыратын болады. Ол Үкіметтің қаулысымен бекітіледі.

Сонымен бірге елді мекендерді агломерациялардың құрамына енгізу және олардың тізбесін жүргізу қағидалары министрліктің бұйрығымен бекітілетін болады.

Осы орайда агломерацияларды айқындаудың негізгі критерийлері ретінде мыналар танылады:

- орталық қаланың әкімшілік мәртебесі;
- демографиялық сыйымдылық;
- логистикалық әлеует;
- экономикалық әлеует.

Заң жобасы қабылданғаннан кейін осы өлшемшарттарға сәйкес «агломерациялар» ретінде Алматы, Астана, Шымкент және мүмкін, тағы басқа облыс орталықтары да айқындалатын болады.

Заң жобасы арқылы агломерацияларды басқарудың жаңа моделі (үлгісі) енгізілуде. Аймақтық деңгейде жергілікті агломерация кеңестері құрылатын болады.

Олар агломерация аумағын үйлестірілген түрде дамыту үшін нақты мәселелерді шешу бойынша қала мен іргелес облыстың жергілікті атқарушы органдарының өзара іс-қимыл алаңы ретінде жұмыс жасайтын болады.

Жергілікті кеңестің құрамына екі әкімдіктің және мәслихаттардың өкілдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіреді.

Жергілікті кеңестің агломерацияны дамытуды қолдауға бағытталған міндеттері мен шаралары бойынша ұсыныстар әзірленеді. Осы орайда орнықты әлеуметтік-экономикалық әрі үйлестірілген дамуды қамтамасыз ету мақсатында жергілікті кеңес агломерацияны дамытудың кешенді жоспарын дайындайды.

Кешенді жоспар қаржыландыру көлемі мен көздерін, іске асыру мерзімдерін, жауапты орындаушыларды, күтілетін нәтижелерді қамтитын болады.

Республикалық деңгейде агломерацияларды дамыту жөніндегі өңірлер деңгейінде шешімін таппаған мәселелер Үкімет жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Агломерациялар жөніндегі кеңестің қарауына шығарылатын болады.

Негізгі және ілеспе заң жобалары шеңберінде өңірлердің әкімдіктеріне 25 қосымша өкілеттік беріледі.

Негізгі заң шеңберінде 11 өкілеттік.

Ілеспе заң шеңберінде 14 өкілеттік.

Мәселен, негізгі заң жобасына сәйкес орталық қала мен іргелес облыстардың әкімдіктері агломерация аумағындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешуге, тиісті келісімді дайындауға және оған қол қоюға қатысатын болады. Сондай-ақ әкімдіктер Жергілікті агломерация кеңесін құруға және оның қызметіне, агломерацияны дамытудың кешенді жоспарын әзірлеуге қатысады.

Бұдан басқа орталық қалалардың жергілікті атқарушы органдары қала маңы аймағын дамытудың бас жоспарын іске асыру бойынша субъектілердің қызметін үйлестіреді, бас жоспардың жобасын әзірлеуді ұйымдастырады, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтердің жобаларына келісім береді.

Ілеспе заң жобасында агломерацияны дамыту бойынша мынадай құзыреттер көзделген.

1. Қала маңындағы жердің сәулет және құрылыс саясатын әзірлеуге қатысу бойынша республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдіктерінің өкілеттіктерін кеңейту.

2. Іргелес облыстардың әкімдіктеріне астананың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қаржыландыратын әлеуметтік, көліктік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу үшін агломерация аумағында жер учаскелерін резервтеу жөніндегі құзыретті беру көзделеді.

3. Бір деңгейдегі бюджеттерге өзара іс-қимыл жасасуға рұқсат беріледі.

Агломерацияларды үйлестірілген дамыту мақсатында заң жобасында синергия әсері бар бірлескен агломерациялық жобаларды қаржыландыру үшін қала және іргелес

облыс бюджеттері арасында көлденең немесе горизонталь трансферттер тетігі әзірленді, бұл орталық қаланың да, оның маңындағы аймағының да дамуына әсер етеді.

Жалпы, ілеспе заң жобасында Бюджет және Жер кодекстеріне, сондай-ақ қолданыстағы бес заңға өзгерістер енгізу жоспарлануда.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобалары бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! Соңғы онжылдықта агломерацияның дамуы әлемдегі мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторына айналды.

Заң жобасы жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін айтарлықтай кеңейтті және агломерацияны дамытудың жалпы саясаты мен стратегиялық бағыттарын айқындауға белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдарға отызға жуық жаңа өкілеттіктер берілетін болады. Жаңа құзыреттер бойынша қосымша штат қарастырыла ма, әлде жұмыс істеп жүрген мемлекеттік қызметкерлерге қосымша салмақ түсе ме және қаржылық ресурстар қажет пе? Рақмет.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Дұрыс айтып кеттіңіз, қазір осы заң жобаларында тиісті қосымша 30 өкілеттік жергілікті органдарға беріледі. Бірақ қосымша штат керек болмайды. Себебі біз бұл жұмыс арқылы керісінше әкімдіктерге жаңа мүмкіндіктер беріп жатырмыз, бір-бірімен араласу үшін штатты оптимизациялау шеңберінде, дебюрократизация және орталықсыздандыру процестерінің шеңберінде тиісті өкілеттіктер мен мүмкіндіктерді әкімдіктерге беріп жатырмыз. Ал енді қосымша қаражат жағынан қарасақ, қосымша ақша республикалық бюджеттен керек болмайды. Себебі олардың бір-бірімен араласуға мүмкіндіктері мен құқығы бар. Оның бірі – деңгейлес горизонталь трансферттер. Мысалы, Алматы қаласының немесе Астана қаласының мүмкіндігі болса, олар Бюджет кодексіне сәйкес тиісті облысқа тиісті трансферттер беруі мүмкін. Бұрын бұндай мүмкіндік болмады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Жалпы қаралып отырған заңдарды қолдаймын. Бірақ менің Ұлттық экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің өкілдеріне сұрағым бар.

Сопутствующим законопроектом Бюджетный кодекс дополняется новой статьей, предоставляющей акиматам городов республиканского значения с особым статусом возможность заимствования средств на внешних рынках для финансирования «зеленых» проектов в рамках реализации Целей устойчивого развития в пределах установленного

лимита. При этом для договоров о внешнем заимствовании, заключаемых акиматами городов республиканского значения с особым статусом, не предусматривается необходимость их ратификации. Между тем согласно Закону «О международных договорах Республики Казахстан» международные договоры о государственных займах подлежат ратификации Парламентом Республики Казахстан. В связи с этим у меня вопросы.

1. Почему договоры о займах, заключаемые Правительством или центральным государственным органом, подлежат ратификации, а те же договоры о займах, заключаемые городами республиканского значения с особым статусом, не будут подлежать ратификации? На кого будет возложена ответственность, если акиматы не смогут вовремя исполнить обязательства перед международными финансовыми организациями?

2. Для финансирования каких «зеленых» проектов планируется заключение внешних договоров о займах? Имеется ли перечень таких «зеленых» проектов? На какой срок они будут рассчитаны? Рақмет.

ҚҰЫНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Да, действительно, не подлежат ратификации договоры о займах, которые будут заключаться акиматами, в частности акиматом города Алматы, потому что по Закону «О международных договорах Республики Казахстан» такое право, такая необходимость есть у Правительства, государственных органов, напрямую подчиненных Президенту, и у министерств. У местных исполнительных органов такого права нет. В целом те договоры, которые они будут заключать по займам, не будут являться международными, соответственно, не нужна ратификация. Мы в рамках нашего рамочного закона такую возможность обеспечиваем.

Что касается технических возможностей, финансирования и ответственности. Почему город Алматы? Потому что, во-первых, это регион-донор, во-вторых, он имеет соответствующий инвестиционный рейтинг и держит этот рейтинг. Плюс данные займы будут привлекаться строго в рамках лимита, который устанавливается Правительством. В частности, Министерство национальной экономики соответствующий лимит для внешнего и внутреннего заимствования устанавливает и согласовывает с Министерством финансов.

Самое главное условие, что внешние займы будут предоставляться в национальной валюте (тенге).

Что касается в целом процедур и ответственности, это международные займы, которые будут прорабатываться именно с международными финансовыми организациями. В данный момент ведутся переговоры с Международной финансовой корпорацией IFC (это структура Всемирного Банка). У них очень прозрачные процедуры, соответственно, весьма высокие требования к займам.

По ответственности. Понятно, что происходит сменяемость руководителей. То же самое и в Правительстве. У нас есть займы, которые берутся на десятилетия, чем дольше заем, тем он более выгодный. Все условия прописываются. Ответственность будет на

самом государственном органе – акимате, а не на конкретных лицах, потому что такая последовательность политики должна быть.

Непосредственно по проектам. Данные проекты с учетом международной «зеленой» повестки и с учетом того, что акимат планирует работать с МФО, в основном будут «зелеными». В частности, можно будет организовать «зеленый» транспорт между городом Алматы и пригородной зоной, что раньше было сложно сделать, потому что все, что находится за чертой города или вне черты города, относится к одному субъекту, одному региону, и они не могли между собой эту работу проводить скоординированно. Спасибо.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Кеңбеил Дәурен Маратұлы, жауап беріңіз.

КЕҢБЕИЛ Д.М. Спасибо за вопросы.

Что касается вопроса по поводу ратификации. У нас есть официальная позиция Министерства иностранных дел, что акимат города Алматы не является субъектом международного права, поэтому не может выступать от имени государства. От имени государства могут выступать, как сказал Алибек Сакенович, Президент или лицо, уполномоченное им, Правительство и центральные исполнительные органы. Так как акимат является местным исполнительным органом, договоры, которые он заключает с международными организациями, не подлежат ратификации. Это официальная позиция Министерства иностранных дел.

Что касается непосредственно самого заимствования акиматом города Алматы, также хотел бы дополнить слова Алибека Сакеновича, что акимат города Алматы имеет рейтинг Международного рейтингового агентства «Fitch», что подтверждает его финансовое состояние и возможности привлекать и обслуживать займы.

Да, мы согласились с такой позицией, что акимат может занимать, но ввели несколько ограничений:

- 1) акимат Алматы может занимать исключительно в тенге и исключительно у международной финансовой организации;
- 2) он должен занимать исключительно в рамках лимита долга, который устанавливает Министерство национальной экономики;
- 3) он может занимать только по согласованию с Министерством финансов. Объем, целевое назначение и условия будут согласовываться с Министерством финансов;
- 4) он может занимать только на «зеленые» проекты.

Что касается «зеленых» проектов. Как отметил Алибек Сакенович, это «зеленые» проекты в сфере экологичного транспорта, энергосбережения и так далее.

Сейчас акимат города Алматы проводит большую работу по переходу на «зеленую» экономику. Недавно он подписал совместно с Европейским Банком Реконструкции и Развития Дорожную карту по переходу на «зеленую» экономику. К таким проектам можно отнести, например, перевод на газ ТЭЦ города Алматы.

Мы будем строго контролировать, мониторить и согласовывать все займы, которые он будет привлекать в рамках данного заимствования. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әлібек Сәкенұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобалары бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Баяндамашы заң жобаларының мәнін айтып, жан-жақты түсіндіріп берді.

Қаралып отырған заң жобалары агломерацияларды қалыптастыру және олардың жұмыс істеуі үшін құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасауға бағытталған, сондай-ақ кейбір заңнамалық актілерді «Агломерацияларды дамыту туралы» Заң жобасының нормаларына сәйкес келтіру мақсатында әзірленген.

Заң жобалары агломерацияларды дамытудың бірыңғай мемлекеттік саясатын іске асыруды, орталық пен перифериялық аймақтар арасындағы функцияларды нақты бөлуді, перифериялық аймақта қала құрылысы мен жоспарлауды ретке келтіруді, агломерацияларды дамыту үшін мемлекеттік қолдау көрсетудің заңнамалық базасын нығайтуды көздейді. Сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының агломерацияларды дамыту саласындағы өкілеттіліктері көзделген.

Сіздердің назарларыңызды заң жобаларының жекелеген ерекшеліктеріне аударғым келеді.

Бірінші. Заң жобасы негіздемелік болып табылады.

Екінші. Заң жобасында агломерациялар аумағында ішкі көші-қон процестерін реттеу жөніндегі жеке нақты шаралар көзделмеген болатын. Алайда біздің комитет депутаттарының ұсынысы бойынша агломерацияны дамытудың кешенді жоспары шеңберінде көші-қон процестерін реттеу жөніндегі шаралар көзделетін болады.

Айта кету керек, елімізде орын алып жатқан халықтың ауылдардан ірі қалаларға ретсіз көші-қонының ағымдағы процесі білім беру және денсаулық сақтау мекемелеріне, көлік инфрақұрылымына жүктеменің өсуі, жұмыспен қамту, қоныс аударушыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету, ірі қалалардың шетіндегі өздігінен салынған кенттердің стихиялық тұрғызуы сияқты проблемалар – мұның бәрі бүгін немесе кеше пайда болған жоқ. Бұл мәселе ұзақ уақыт бойы өз шешімін таппады.

Мемлекет басшысы 2019 жылы ішкі көші-қонды қатаң бақылауға алу қажеттігі туралы айтып, ірі қалалар халқының шамадан тыс өсуін күрделі мәселе деп атаған еді.

Көші-қон процестерін реттеу мәселелері Үкіметтің ерекше назар аударуын және дер кезінде шешілуін талап ететінін атап өткен жөн, өйткені урбанизация – сөзсіз болатын процесс және бұрыннан әлемдік тренд болып табылады. Жақсы төленетін жұмыс орындарының болуы және ірі қалалар ұсынатын мүмкіндіктер магнит секілді оның ішкі мигранттарын, соның ішінде ауыл тұрғындарын өзіне тартатын болады. Сондықтан көші-қон процестері мемлекет тарапынан реттелетін және бақыланатын болуы тиіс.

Үшінші. Тағы бір ерекшелікті немесе жаңалықты атап өткен жөн. Ілеспе заң жобасында Алматы қаласының әкімдігі үшін борыштың белгіленген лимиті шегінде халықаралық қаржы ұйымымен сыртқы қарыз алу шартын жасасу мүмкіндігі көзделген.

Бұл нормалардың салдары бар екенін атап өту керек. Қазір әріптестерім бұл мәселелерді көтерді.

Біріншіден, бұл мемлекеттік борыш көлемінің ұлғаюына және сыртқы борышты ұлғайту тәуекеліне әкеп соғады, өйткені жергілікті атқарушы органның борышы мемлекеттік борыштың құрамдас бір бөлігі болып табылады. Сайып келгенде, бұл елдің егеменді кредиттік рейтингін бағалауға теріс әсер етуі мүмкін.

Екіншіден, Алматы қаласының әкімдігі үшін ерекше тәртіпті белгілеу басқа жергілікті атқарушы органдар үшін де прецедент жасайды. Бұл ағымдағы міндеттемелерді ескере отырып, жергілікті бюджеттерге борыштық жүктеме тәуекелдерін ұлғайтады және тұтастай алғанда борыштық тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Бұл мәселе уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан қатаң бақылауды талап етеді.

Құрметті әріптестер! Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлімжан Сейітжанұлы.

Енді заң жобаларын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Тұтастай алғанда, қаралып отырған заң жобалары мемлекеттік қолдау көрсетудің нормативтік құқықтық негізін жетілдіру арқылы агломерацияларды тиімді басқару және дамыту бағытын көздейді.

Агломерациялар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында шешуші рөл атқаратынын атап өткен жөн, өйткені бүгінгі таңда ел экономикасы ірі қалаларда шоғырланып, белсенді дамып келеді. Сондықтан өңірлерді және қалалық агломерацияларды тиімді дамыту, елдің бүкіл аумағында, оның ішінде ірі қалалардың қала маңындағы аудандарында өмір сүру жағдайларын жақсарту мәселелерін тезірек шешу маңызды.

Жалпы заң жобаларын қолдай отырып, сіздердің назарларыңызды келесі мәселелерге аударғым келеді.

Агломерацияның белсенді дамуы ауыл халқының ірі қалалар ғана емес, сонымен қатар қала маңында орналасқан елді мекендерге шоғырлану процесін жеделдету мүмкіншілігін туғызады. Осылайша қала маңы елді мекендерінің халқы санының өсуіне, бұл өз кезегінде жұмыспен қамту, білім беру, медициналық қызмет көрсету және де басқа әлеуметтік, экономикалық мәселелердің туындауына әкеліп соғуы мүмкін.

Бүгінгі таңда Қазақстан халқының 40 пайызы ауылдық жерлерде өмір сүріп жатыр. Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік, экономикалық жағдайын жақсарту – бүгінгі күннің басты талабы.

Елімізде «Ауыл – ел бесігі» жобасы іске асырылуда. Оның мақсаты ауылда өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады. Сол негізде агломерацияларды дамыту

шараларымен қатар ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайларын жақсарту мәселелері арасында теңгерімнің сақталуы ұдайы қоғам назарында болу керек деп санаймын.

Құрметті әріптестер! Аталған заң жобаларын толығымен қолдаймын, сондай-ақ әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Агломерацияларды дамыту туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қарастырылып отырған заң жобасын екінші оқылымда қарау мәселесін күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі қаралатын екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау туралы.

Бас комитет бұл мәселелерді бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса «Өсімдіктер дүниесі туралы» Заң жобасы және оған ілеспе заң жобасы бойынша бір баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Шалабекова Әлия Лазаревнаға беріледі.

ШАЛАБЕКОВА Ә.Л. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қазіргі уақытта қолданыстағы Орман кодексімен және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» және «Жайылымдар туралы» заңдармен жалпы ауданы 139 миллион гектар мемлекеттік орман қорында, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде өсімдік дүниесін қорғау, сақтау, қалпына келтіру және пайдалану мәселелері реттелген. Ал 94 миллион гектар алаңдағы босалқы жер қорында ілеспе өсімдік дүниесіне байланысты дәрілік өсімдік шикізаты, көпжылдық екпелер, генетикалық және өзге де өсімдік ресурстары сияқты мәселелер заңнамамен реттелмеген.

Осыған байланысты өсімдік ресурстарын тиімсіз пайдалану, олардың өсу орындарын жою, адам енгізген бөтен түрлермен жергілікті өсімдіктердің ығысуы орын алуда. Нәтижесінде өсімдіктердің әртүрлілігінің төмендеуіне және табиғи экологиялық жүйелердің деградациясына әкеледі.

Құрметті депутаттар! «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізгі мақсаты өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және оның барлық алуан түрін пайдалану саласындағы қатынастарды реттеуді қамтамасыз ету, өсімдіктердің жабайы өсетін түрлерінің табиғи әртүрлілігі мен гендік қорын сақтау, оларды ұтымды пайдалану үшін құқықтық негіздер жасау болып табылады.

Заң жобасын реттеу саласы табиғи жағдайларда өсетін өсімдіктер дүниесі объектілерін, сондай-ақ генетикалық қорды сақтау мақсатында арнайы жағдайларда ұсталатын жабайы өсімдіктер мен олардың бөліктерін қамтитын болады.

«Өсімдіктер дүниесі туралы» Заң жобасының ережелері ауыл шаруашылығы өсімдіктеріне, сондай-ақ үй учаскелерінде, жеке қосалқы шаруашылық, бағбандық, саяжай құрылысы және бау-бақша шаруашылығын жүргізуге арналған учаскелерде өсетін өсімдіктерге қолданылмайды.

Заң жобасында өсімдіктер дүниесі объектілерін түгендеу, мемлекеттік мониторинг және кадастр тәртібі айқындалады. Бұл республиканың бүкіл аумағында өсімдік ресурстарының есебін жүргізуге, олардың сандық және сапалық сипаттамаларының өзгерістеріне талдау жасауға, сондай-ақ өсімдіктер дүниесі объектілерін экономикалық бағалауға мүмкіндік береді.

Жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалануды жүзеге асыратын тұлғалардың құқықтары мен міндеттері көзделген, мемлекеттік органдардың өкілеттіктері нақтыланды.

Өсімдіктердің әртүрлілігін сақтау мақсатында ресурстық зерттеп-қараулар негізінде айқындалатын өсімдіктер ресурстарын пайдалану лимиттерін белгілейтін түзету қарастырылды, өсімдіктер ресурстарының қорларына ресурстық зерттеп-тексеру жүргізетін мамандандырылған ұйымдарды міндетті аккредиттеуді көздейтін түзету енгізілді.

Сонымен қатар өсімдіктерді енгізуге және будандастыруға қойылатын талаптар, сондай-ақ табиғи өсімдіктер қауымдастығына қауіп төндіретін өсімдіктердің бөтен түрлерін енгізуге тыйым салу белгіленеді.

Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар жүзеге асыратын мемлекеттік және қоғамдық бақылау институттары енгізіледі.

Сонымен қатар ілеспе заң жобасы «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасының ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады. Атап айтқанда, орманды молықтыру жөніндегі нақты мерзімдерді белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Орман кодексіне орман пайдаланушылардың орман дақылдарын жасау және орманды табиғи қалпына келтіруге жәрдемдесу шараларын жүргізу жөніндегі жұмыстарды, оның ішінде оған күтім жасау және сауықтыру жөніндегі шараларды үш жыл ішінде орындауды көздейтін түзетулер енгізілді.

Жабайы өсетін өсімдіктердің түрлерін санкцияланбаған алып қоюға бақылау белгілеу үшін Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне тиісті толықтырулар енгізілді.

Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін жасыл екпелерді күтіп-баптауға және қорғауға бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ өсімдіктердің жабайы өсетін түрлерін пайдалану құқығын шектеу (тоқтата тұру) туралы шешімдер қабылдау жөніндегі құзыретпен кеңейтуге бағытталған тиісті түзетулер енгізілді.

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттілігіне «Ғылыми табиғи объект – ұлттық игілік» мәртебесін беру және оған лайықты объектілерді айқындау қағидаларын бекіту жөніндегі уәкілетті органның құзыретін кеңейтуге бағытталған түзетулер енгізілді.

Тұтастай алғанда, заң жобасы өсімдіктер дүниесі саласындағы жалпы мемлекеттік міндеттерді шешуді көздейді және «Өсімдіктер дүниесі туралы» Заңның нормаларын толық іске асыру үшін Орман, Жер, Кәсіпкерлік, Бюджет кодекстеріне, сондай-ақ «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» және «Жайылымдар туралы» заңдарға түзетулер енгізу талап етіледі.

Құрметті депутаттар, заң жобаларын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Заң жобаларын қолдауларыңызды сұраймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобалары бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне арналады.

Құрметті Әлия Лазаревна, еліміздің өсімдіктер дүниесінің 1,5 мыңға жуығы дәрілік өсімдіктер болып, оның 390 түрі Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілгені белгілі. Ал экспортталатын дәрілік өсімдіктердің тізіміне оның 14 түрі кірген, мәселен, олар – мия, ферула, цистанхе, Түркістан сабын тамыры және тағы басқалары.

Осыған байланысты Қазақстанның дәрілік өсімдіктеріне сыртқы нарықта сұраныс жылдан-жылға көбеюде. Мәселен, тек қана Қытай Халық Республикасына 2018 жылдан бастап 33 мың тоннаға жуық мия тамыры экспортталған. Осы тұста баса көңіл аударатын тағы бір мәселе, көптеген дәрілік өсімдіктердің тамырын қазып алуға байланысты аумағы жүздеген шаршы метр болатын жерлер де бүлінуде.

Осы айтылғандарға байланысты төмендегідей сұрақтар туындайды:

Басқа елдерде жоқ, тек қана Қазақстан жерінде өте сирек кездесетін тамыры бірге алынып жатқан дәрілік өсімдіктерді қорғау үшін және оның қайта өнуін қамтамасыз ететін өтемдік отырғызулар жасау үшін қандай шаралар, қандай жоспарлар жасалуда? Олардың жоғалып кету қаупі туындаған жоқ па? Осыған байланысты есептеулер жасалды ма және үлкен көлемдегі жердің бүлінуіне байланысты экологиялық әсері есептелді ме? Рақмет.

ШАЛАБЕКОВА Ә.Л. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлы, құрметті депутаттар, сұрақтарыңызға рақмет.

Заң жобасы бойынша жабайы өсетін өсімдіктерді, соның ішінде дәрілік өсімдіктерді қалпына келтіру және сақтау үшін нормалар көзделген. Сонымен қатар егер өсімдіктерге теріс әсер әкелетін қызмет болса, онда осы заң жобасы бойынша жергілікті атқарушы органдардың осы қызметті шектеуге немесе тоқтатуға құзыреті болады.

Екінші сұраққа келсек, қазіргі таңда жабайы өсетін өсімдікке келтірілген зиян жөнінде есеп жоқ, бірақ бұл заң жобасы бойынша өсімдіктерді заңсыз алып қойғаны, дайындағаны, бұзылғаны немесе жойғаны үшін қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, құқықтық жауапкершілікке тартылады.

Сонымен қатар өкілетті орган өсімдіктерге зиянның мөлшерін есептеу үшін арнайы базалық мөлшерлемелерін бекітеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

У меня вопросы к докладчику.

На сегодняшний день действует значительное количество законов и кодексов, регламентирующих вопросы охраны и использования природных ресурсов. В частности, это Экологический, Лесной кодексы, законы «Об особо охраняемых природных территориях», «О защите растений», «О пастбищах» и другие. При этом как Лесной кодекс, так и рассматриваемый проект Закона «О растительном мире» предусматривают отсылочные нормы на специальное законодательство по вопросам охраны и использования растительного мира.

В этой связи возникает вопрос. Для земель в лесах и особо охраняемых территориях действует один правовой режим защиты растительного мира, а в других местах будет действовать другой режим?

А также вопрос о месте рассматриваемого законопроекта в системе экологического законодательства, о его соотношении с другими законодательными актами по вопросам защиты и использования растительного мира. Нельзя ли было общественные отношения, относящиеся к предмету регулирования рассматриваемого законопроекта, регламентировать путем внесения поправок в действующие законодательные акты либо систематизировать в рамках кодификации? Рақмет.

ШАЛАБЕКОВА Ә.Л. Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемая Айнур Серикпаевна! Уважаемые депутаты! В настоящее время, как было отмечено в докладе, правовой режим установлен только для растительного мира, произрастающего на территории государственного лесного фонда и на особо охраняемых природных территориях. Вместе с тем земли запаса не охвачены должным контролем.

В этой связи в соответствии с нормами предлагаемого законопроекта устанавливается государственный контроль, а также соответствующая административная и уголовная ответственность за нанесение вреда растительному миру. Будет такой же правовой режим охраны, как и для установившихся отношений на территории государственного лесного фонда и на особо охраняемых территориях.

Вместе с тем, как было отмечено, существует ряд отраслевых законов, регулирующих растительный мир. Однако Закон «О пастбищах» регулирует только вопросы сенокоса и пастбы скота. Наряду с этим на данной территории находятся большие популяции дикорастущих растений, которые не урегулированы. В этой связи рассматриваемый сегодня законопроект позволит нивелировать имеющийся правовой пробел и дать основание законного сбора и заготовки дикорастущих трав, которые могут быть предметом деятельности многих субъектов предпринимательства. В этой связи и был разработан данный закон.

Что касается его места в иерархии всех законов о растительном мире. Данный вопрос дополнительно будет рассмотрен совместно с заинтересованными государственными органами. И на единых принципах будет рассмотрена возможность кодификации всех законов о растительном мире. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әлия Лазаревна. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобалары бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Өсімдіктер дүниесін жөн-жосықсыз пайдалану, оны құқықтық реттеудің нақты құралдарының болмауы өсімдіктердің әртүрлілігінің төмендеуіне және табиғи-экологиялық жүйелердің деграциясына, сондай-ақ онсыз да сирек кездесетін түрлерінің жойылып кету қаупіне әкеліп отыр.

Қолданыстағы заңдар өсімдіктер дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелерін реттеуді қажетті деңгейде қамтамасыз ете алмады.

«Өсімдіктер дүниесі туралы» Заң жобасы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қатынастарды реттеуге бағытталған. Сонымен қатар өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін сақтау мәселелері де осы заң жобаларымен реттелетін болады.

Заң жобаларын дайындау кезінде елімізбен бір географиялық аймақта орналасқан Еуроодақ, Оңтүстік Азия мемлекеттері, сондай-ақ көршілес елдердің тәжірибелері ескерілген.

Фармацевтикалық, азық-түлік және техникалық өнімдерді өндіру үшін өсімдік дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын заңды негізде ұтымды пайдалануға мүмкіндік беру арқылы шағын және орта бизнесті дамыту, осы салаға инвестициялар тарту, сондай-ақ бизнес субъектілерінің өсімдіктер әлемін арнайы пайдаланғаны үшін төлемақы енгізуі есебінен мемлекеттік бюджеттің кірістерін ұлғайту жағдайлары көзделіп отыр.

Осы салада берік құқықтық негіз қалыптастыру мақсатында Азаматтық, Жер, Орман, Бюджет, Кәсіпкерлік, Экологиялық кодекстерге, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» және «Жайылымдар туралы» заңдарға түзетулер енгізу қарастырылған.

Заң жобаларының қабылдануы өсімдіктер әлемінің сирек кездесетін түрлерін заңсыз сыртқа шығаруға және бөтенекті түрлерін бейберекет кіргізуге тоқтау салады.

Құрметті әріптестер! Осы заң жобалары комитеттің барлық тиісті отырыстарында қаралды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен бұл заң жобалары бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ. Алайда жекелеген депутаттардан ұсыныстар келіп түскен болатын және де олар заң жобасын пысықтау барысында бастамашылар келісімімен алынып тасталды.

Баяндалғанды ескере келе, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды, ал «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сұлтан Мырзабекұлы.

Енді заң жобаларын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! 2020 жылы 4 маусымда Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстанда жан-жануарлардың, құстардың, балықтар мен өсімдіктердің ондаған түрі жойылып кету қаупінің алдында тұр. Табиғатты қорғау – мемлекеттік маңызы зор іс» - деп адамдардың қоршаған ортаның ластануынан құтқарылу үшін бірігуі керектігін айтқан болатын.

«Қазақстанда өсімдіктер дүниесін сақтау мәселелері Орман кодексімен және тек мемлекеттік орман қоры аумағында реттелді. Бұл ел аумағының небәрі 11 пайызын ғана қамтиды.

Осыған байланысты өсімдіктер дүниесі туралы арнайы заңды қабылдау қажеттілігі бар. Ол Қазақстан тарапы болып табылатын халықаралық конвенциялардың ережелеріне де негізделген.

Қаралып отырған заңды қабылдау және іске асыру өсімдіктер дүниесі объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы қатынастарды реттеуге, табиғи өсімдік ресурстарын сақтау, молықтыру, ұтымды пайдалану үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Заң жобасын реттеу саласы табиғи жағдайларда өсетін өсімдіктер дүниесі объектілерін және генетикалық қорды сақтау мақсатында арнайы жағдайларда ұсталатын жабайы өсімдіктер мен олардың бөліктерін қамтиды.

Сондай-ақ өсімдіктер дүниесі объектілерін түгендеу, мемлекеттік мониторинг және кадастр тәртібі айқындалады. Бұл республиканың бүкіл аумағында өсімдік ресурстарының есебін жүргізуге, олардың сандық және сапалық сипаттамаларының өзгерістеріне талдау жасауға, өсімдіктер дүниесі объектілерін экономикалық бағалауға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, заң жобасы өсімдіктер дүниесі саласындағы жалпы мемлекеттік міндеттерді шешуді көздейді.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ.

Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенаттың бүгінгі күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауға енгізуді ұсынамын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Осы мәселе бойынша сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Волков Владимир Васильевичке беріледі.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! В стране проходят масштабные реформы, в том числе конституционная. Значительная роль в процессе демократизации и достижении гражданского мира и согласия в обществе отведена Парламенту, как одному из оплотов институциональной устойчивости государства и страны.

В рамках поправок в Конституцию был осуществлен пересмотр порядка формирования депутатского корпуса Парламента, компетенции Парламента и его Палат по принятию законов и другим вопросам. Все эти изменения нашли свое отражение в принятых конституционных законах.

Мы с вами на совместном заседании приняли изменения и дополнения в Регламент Парламента, которые направлены на реализацию конституционной реформы в части изменения законотворческого процесса в Парламенте.

Так, предусматривается, что на совместном заседании Палат Парламента будут рассматриваться проекты конституционных законов.

Подлежат немедленному рассмотрению законопроекты, разработанные Правительством в целях оперативного реагирования на условия, создающие угрозу жизни и здоровью населения, конституционному строю, охране общественного порядка, экономической безопасности.

Также на совместном заседании подлежат рассмотрению возражения Главы государства по конституционным законам.

Сегодня вашему вниманию представлены поправки в Регламент Сената.

Внесение представленных изменений также обусловлено реформой Конституции 2022 года. Так, с 1 января 2023 года в целях реализации пункта 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан Сенат будет одобрять законы, принятые Мажилисом. В этих целях предлагается следующее.

1. Сокращается срок регистрации направляемых Мажилисом законов с двух до одного дня.

2. Основное время рассмотрения и обсуждения закона, принятого Мажилисом, концентрируется на рабочих группах головного комитета. Рабочая группа будет образовываться при головном комитете. К работе в ней будут привлекаться депутаты постоянных комитетов, депутаты маслихатов, представители государственных органов, общественных и неправительственных организаций, специалисты и ученые. Обсуждение закона в головном комитете и на рабочей группе будет проходить открыто.

3. Сокращается срок рассмотрения постоянными комитетами поступивших законов, он будет составлять не менее пяти и не более десяти дней, а по приоритетным законам, определенным Президентом, этот срок не должен превышать пяти дней. В то же время общий срок рассмотрения законов, принятых Мажилисом, сохраняется и равен 60 дням.

4. По итогам обсуждения Сенат будет принимать одно из четырех следующих решений:

одобрить закон в первом чтении;

одобрить закон;

не одобрить в целом закон и вернуть его в Мажилис;

не одобрить отдельные статьи закона и вернуть закон в Мажилис.

При этом Сенат вправе предложить Мажилису новую редакцию отдельных статей закона.

5. Учитывая специфику вопросов, предлагается в целом сохранить действующий формат рассмотрения Закона «О республиканском бюджете» и обсуждения Отчета об исполнении республиканского бюджета.

6. Предусмотрены изменения в связи с отнесением к компетенции Сената дачи согласия на назначение председателей Конституционного Суда, Высшего Судебного Совета, а также согласия на лишение неприкосновенности Уполномоченного по правам человека.

7. Предусмотрены изменения в связи с преобразованием Конституционного Совета в Конституционный Суд, Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета – в Высшую аудиторскую палату, а также должности Государственного секретаря – в Государственного советника.

8. Устанавливается, что решения консультативно-совещательных органов при Сенате учитываются в работе Палаты, в том числе при подготовке парламентских слушаний и правительственных часов.

9. В соответствии с внесенными в Конституционный закон «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» изменениями устанавливается право обращения депутатов Сената с запросами к акимам областей, городов республиканского значения и столицы.

Все поправки сведены в сравнительную таблицу, всего 59 позиций.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Құрметті әріптестер, қаулының жобасы сіздерде бар. Ол бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда шешім қабылдайық.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінің нормаларын «Агломерацияларды дамыту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасының нормаларына сәйкестендіру мақсатында әзірленген.

Заң жобасының нормалары агломерацияны басқару тетігін жетілдіруге бағытталған. Мәселен, заң жобасы шеңберінде республикалық деңгейде Агломерациялар жөніндегі кеңес, жергілікті деңгейде агломерацияларды дамыту мәселелерін ведомствоаралық үйлестіру, сондай-ақ тиісті деңгейдегі агломерацияларды дамытуды ұйымдастырушылық, ақпараттық және талдамалық қолдау мәселелерін шешу мақсатында құрылатын консультативтік-кеңесші органдар болып табылатын жергілікті агломерация кеңестері енгізіледі.

Заң жобаларын қабылдау мынадай оң нәтижелерге әкеледі деп болжануда: ірі қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, тұрғын үй құрылысына жеке инвестицияларды ынталандыру;

қаланы жоспарлауды, агломерацияларды үйлестіру мен қаржыландыруды жақсарту;

жергілікті атқарушы және өкілді органдар арасындағы үйлестіруді жақсарту және өзара іс-қимылды жандандыру;

урбанизация процестерін ұтымды ету.

«Агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бойынша тұрақты комитеттерден ұсыныстар мен ескертулер келіп түскен жоқ.

Құрметті әріптестер! Баяндалғанның негізінде Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлімжан Сейітжанұлы.

Әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы осы саладағы құқықтық қатынастарды реттеу қажеттілігі туралы өз Жолдауында атап өткен болатын. Сондықтан бұл заңдар агломерацияларды қалыптастыру және дамыту үшін құқықтық және институционалдық орта құруды көздейді.

Негізгі заңмен елді мекендерді агломерацияға жатқызудың өлшемшарттары, Үкіметтің, уәкілетті және жергілікті органдардың өкілеттіктері бекітіледі.

Заң аясында Агломерациялар жөніндегі кеңестің және жергілікті кеңестің мәртебесі белгіленеді. Аталған кеңес агломерацияларды дамыту мәселелерін ведомствоаралық үйлестіру үшін құрылады.

Осы заң арқылы бес жылдық кезеңге әзірленетін агломерацияны дамытудың кешенді жоспары қабылданады.

Жаңа нормалар халықты қоныстандыру және өндірістік күштерді орналастыру жүйесін жетілдіруге, инженерлік, көліктік, әлеуметтік инфрақұрылымды тиімді пайдалануға оң әсерін тигізеді. Бұл өз кезегінде агломерацияға жататын елді мекендерде өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал етеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасын «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасының ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады. Осыған байланысты заң жобасымен Қазақстан Республикасының Бюджет, Азаматтық, Жер, Орман, Кәсіпкерлік және Экологиялық кодекстеріне, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» және «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына мына мәселелер бойынша:

өсімдіктердің жабайы түрлерін рұқсатсыз алып қоюға бақылау белгілеу;

орман инспекциясының лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау және орман өртін сөндіру бойынша мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамына басшылық жасау;

орманды молықтыру және орманды табиғи қалпына келтіруге жәрдемдесу шараларын жүргізу бойынша нақты мерзімдерді белгілеу;

өсімдіктер дүниесін пайдаланғаны үшін ақы алу;

табиғи объектілерге «Ғылыми табиғи объект – ұлттық игілік» мәртебесін беру;

өсімдіктер дүниесін қорғау, күзету және молықтыру саласындағы уәкілетті органдардың, жергілікті атқарушы органдардың құзыретін нақтылау және басқа да толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

Заң жобасын екінші оқылымда қарау барысында Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сұлтан Мырзабекұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер, бұл заңдар өсімдіктер дүниесін қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған. Сондай-ақ жаңа нормалар мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін белгілейді.

Бұл заңдар қоршаған ортаны қорғауға, елдің табиғи байлығын дамытуға және оны еселеуге бағытталған шаралар қабылдауға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Рақмет, құрметті Төраға.

Сауал Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде балық шаруашылығы қорының әлеуеті ерекше. Салалық бағдарлама бойынша 2030 жылға қарай балық өнімдерін ішкі тұтынуды 134 мың тоннаға ұлғайту, импорт көлемін 45 мың тоннадан 25 мың тоннаға дейін азайту жоспарланған.

Министрліктің мәліметтеріне сәйкес бүгінде 1 мың 300 субъектіге бекітілген 1 мың 600 су айдынында 12 мыңнан астам адам балық аулау кәсібімен айналысып, 72 кәсіпорын балық өңдеумен шұғылдануда.

Табиғи су айдындарымен қоса акваөсірудің қарқынды дамуына қарамастан бағдарламада көзделген нысаналы индикаторларды орындауда үлкен кемшіліктер бар.

2030 жылға балық өсіру 270 мың тонна көлемінде жоспарланса, өткен жылы оның көлемі 15 мың тоннаны ғана құрап отыр. Бұл көрсеткіш Өзбекстанда 400 мың тоннадан асқан.

Жан басына шаққандағы балықты тұтыну Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынымының 25 пайызын ғана құрап, 4 килограмм мөлшерінде.

Өз кезегінде бұл көрсеткіш көршілес Ресейде 6 есе, Қытайда 10 есеге артық.

Саланың өндірістік, ғылыми және материалдық-техникалық базалары нашар.

Су биологиялық ресурстарын сақтауда, Каспий итбалықтарының популяциясын қалпына келтіруде нақты нәтиже байқалмауда.

Сонымен қатар браконьерлікпен күрес, балық ресурстарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау деңгейі төмен.

Импортқа тәуелділік басым, өткен жылы 25 мың тонна балық өнімі экспортталса, импорт 41 мың тоннаны құраған.

Жоғарыда аталғандар негізінде келесі мәселелерді қарастыруды сұраймыз.

Бірінші. Климаттық өзгерістер мен трансшекаралық әсерлердің салдарынан күтілетін су ресурстарының тапшылығы ескеріліп, Балық шаруашылығын дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған бағдарламасының негізгі индикаторларына түзетулер енгізу.

Балық аулауды дамыту, балық өсіру мен оны өңдеуді қамтамасыз етуге қатысты мәселелер нақтыланып, бағдарламаға толықтырулар енгізу қажет деп санаймыз.

Екінші. Сала бойынша қолданбалы ғылыммен айналысатын мамандандырылған жалғыз «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының» Экология, геология және

табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитетінің құрылымына өтуі көптеген түйінді мәселелерді жүйелі шешуге ықпал етті.

Талдау көрсеткендей, өзекті ғылыми-зерттеу жұмыстары көлемі ұлғайып, кадрлық құрамның сандық және сапалық жағынан өсуі байқалады, сондай-ақ мүдделі табиғат пайдаланушылармен, аквакультуралық шаруашылықтар және қайта өңдеу, экспорттау саласындағы кәсіпкерлермен өзара байланыс қалыптасуда.

Осыған орай ведомствоаралық кедергілерді жою және ғылыми негізделген басқару шешімдерін жедел қабылдау мақсатында Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығын Балық шаруашылығы комитеті құрылымында қалдыру қажет деп санаймыз.

Сондай-ақ Каспий теңізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын толыққанды жүргізу үшін Орталықты теңіз кемесімен қамтамасыз ету қажет.

Бұдан бөлек, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес тәжірибелік балық өсіру шаруашылықтарын, осы мақсаттағы су айдындарын мемлекеттік және оларға теңестірілген ғылыми ұйымдарға конкурстан тыс бекіту мүмкіндігін қарастыру керек деп есептейміз.

Ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мамандандырылған зертхана құру өте өзекті және бұл – итбалықтар мен балықтардың қырылуының алдын алуда да тиімді шара болары анық.

Үшінші:

бағдарлама шеңберінде терең өңделген балық өнімдерін ынталандыру мен субсидиялау;

мемлекеттік балық питомниктерін қайта құру, олардағы еңбекақыны арттыру, ірі қаржылық инвестиция қажет ететін балық өсіру зауыттарының проблемаларын терең зерделеу, шешуді қарастыру;

Жайық-Каспий бассейнінің кеме арналарын тереңдетуге қаржы қаражаттарын бөлу;

аумақтық балық қорғау органдарын заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылуы тиіс деп ойлаймыз.

Төртінші. Каспий итбалықтарының популяциясын сақтау мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтың құрылуы келешекте мемлекетаралық келісімдер негізінде трансшекаралық қорық құруға негіз болады деп білеміз.

Бесінші. «Акваөсіру туралы» Заң жобасының қабылдануының жеделдетілуі, сонымен қатар балық шаруашылығының заңнамалық базасын жетілдіру мақсатында Су және Жер кодекстеріне және тағы басқа заңдарға түзетулер енгізу саланың дамуына жаңа серпін берері сөзсіз.

Сондай-ақ мемлекеттік гранттар санын көбейту, ғылыми кадрлардың дәрежесін арттыру, оларды әлеуметтік қолдау іс-шараларын қабылдау өте маңызды деп есептейміз.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Айтылған ұсыныстар бойынша тиісті шаралар қабылдауыңызды және заңнамада белгіленген тәртіппен жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшелері».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министрге жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Өзіңізге белгілі, елімізде ірі орман өрттерінің жиілеуі Орман шаруашылығы саласында өзгерістер қажет екенін көрсетті.

Бүгін Сенатта қабылданған «Өсімдіктер дүниесі туралы» және оған ілеспе заң жобалары осы саладағы мемлекеттік міндеттерді шешуді көздейтін маңызды нормалармен қамтылған. Бұл әрине орман шаруашылығы саласын дамытуға оң әсерін тигізеді деп сенеміз. Дегенмен депутаттық сауалымыз мыңдаған гектар орман-тоғайдың амандығына жауап беретін орман шаруашылығы қызметкерлерінің әлеуметтік еңбек ахуалы мен материалдық- техникалық базасына байланысты болып отыр.

Орманшылардың еңбегі лайықты бағаланбай келеді.

Жоғарыда аталған негізгі заң жобасында орман өртін сөндіру жөніндегі басшылықты мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамы жүзеге асыратындығы жөнінде норма енгізілді. Бұл осы мамандық иелерінің міндеттерін, жауапкершілігін күшейтіп отыр.

Орман шаруашылығын бюджеттік қаржыландыру оған жүктелген барлық функцияны орындау үшін жеткіліксіз.

Қазіргі таңда орманшылардың орташа жалақысы 100 мың теңгенің, ал орман өрт сөндірушілерінің жалақысы 60 мың теңгенің көлемінде.

Алқаптың аң-құсы мен балығы заңсыз ауланып, ағашының кесіліп кетпеуін қадағалайтын олардың жұмысы қазір ауырламаса, жеңілдеген жоқ. Соңғы екі жылда орманшылар жүргізген рейдтің нәтижесінде орманды заңсыз кесудің 451 жағдайы тіркеліп, табиғатқа 300 миллион теңгеге жуық залал келтірілгені анықталды.

Сонымен қатар орманға қауіп төндіретін өртті сөндіру ең алдымен орманшының міндетіне жатады. Төтенше жағдайлар күші әдетте үлкен өртке айналған жағдайда көмекке келеді. Ал көмек келгенше өрттің таралмауын ұстап тұруға орманшылардың қолда бар материалдық-техникалық базалары мен адам саны жетіспейді. Дер кезінде сөндірілмеген өрттің салдары қандай зардапқа, орны толмас шығындарға әкеп соқтырып жатқаны бәрімізге мәлім.

Бүгінде орман өртін сөндіруде дүниедегі көптеген мемлекеттер замануи құралдарды қолдануға көшкен, ал бізде ол жоқтың қасы. Мәселен, қазіргі таңда орманшылар тарапынан өрт сөндіруді ұйымдастыруда мынадай өзекті мәселелер бар:

өрттің таралуын термонүктелер бойынша уақытылы алуға мүмкіндіктің жоқтығы, дала өртін ғарыштан бақылау шаралары еліміздің барлық аймақтарында қолданылмауы;

өрт сөндіру құралдары шоғырланған бекеттер арасының тым алыс орналасуы себепті өрт ошақтарына жедел келіп үлгермеуі;

көлік бара алмайтын тығыз орналасқан орман-тоғай өртін сөндіруге арналған интеллектуалды жаңа технологияның жоқтығы;

қажетті қызметтік автокөліктермен толық қамтамасыз етілмеуі;

орманшылар өрт сөндіру кезінде арнайы киіммен де толық жабдықталмағаны.

Қоршаған ортаны күзетіп, тау мен тасты, ой-қырды кезіп жүретін әрбір күні тәуекелге толы орманшыларға далалық ас-ауқат төлемі қарастырылмаған. Сонымен бірге орманшының жұмыс уақыты еңбек нормасына сәйкес реттеуді қажет етеді. Орманшылар аптасына жеті күн қызметте болуға мәжбүр, олардың демалыс күндері үшін ақы төленбеуі қисынсыз.

Егер біз Қазақстанның табиғатын сақтап қалғымыз келсе, бүгін орманшылардың жағдайын жақсартуымыз керек.

Қазіргі таңда салада 1 мың 500-ге жуық кәсіби маман тапшылығы байқалады. Осы саланың жоғары білімі бар жас мамандары жергілікті жерлерге жалақының аздығына байланысты келгісі келмейді. Сондықтан «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасына орманшы мамандығын енгізу мәселесін қарастыру өте өзекті. Болмаса бірнеше жылдан соң бұл салада мүлдем мамандар қалмауы мүмкін.

Орманшы дейтін мәртебелі мамандыққа немқұрайлы қарайтынымыздың бір белгісі өңірлерде орман шаруашылығына мамандығы сәйкес келмейтін азаматтарды басшылық қызметке тағайындау көріністері белең алып отыр. Бұл біздің табиғатқа деген, табиғат қорғаушыларға деген бүгінгі көзқарасымызды көрсетеді.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жер беті температурасының жыл сайын көтерілуі байқалады. Онымен күресудің бірден-бір себебі ол ағаш санын көбейтіп, оны өрттен қорғау. Осыған байланысты Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде әр өңірдің ерекшелігіне сәйкес нормалар мен нормативтерге өзгеріс енгізу қажет.

Өрттен дер кезінде қорғау мақсатында орман қорларына жақын аумаққа қосымша мамандандырылған өрт сөндіру бөлімдерін ашуды ұсынамыз.

Сонымен бірге саланың материалдық-техникалық базасын жаңарту үшін оларды нормативтерге сәйкес алдағы үш жыл ішінде 100 пайыз қамтамасыз етуді, облыстық және республикалық деңгейге бағынысты барлық орман мекемелері мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметкерлерінің жалақысын кем дегенде екі есеге арттыруды көздейтін кешенді шаралар қабылдауды сұраймыз.

Сізден жоғарыда көтерілген сұрақтарды қарастырып, нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзім ішінде жазбаша жауап беру сұралады.

Құрметпен А. Қапбарова, Н. Жүсіп, А. Әлназарова, Л. Қалтаева, Д. Нөкетаева, А. Нухұлы, Д. Мусин». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 22 желтоқсан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Агломерацияларды дамыту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О развитии агломераций», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития агломераций», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Ә.С. ҚУАНТЫРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан
ҚУАНТЫРОВА А.С. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САРЫБАЕВ Ғ.Т. 4

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. 4

КЕҢБЕИЛ Д.М. – Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан 6

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству КУРТАЕВА А.С. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АЛДАШЕВ С.Т. 8

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. 9

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О растительном мире», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам растительного мира и особо охраняемых природных территорий», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ә.Л. ШАЛАБЕКОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад вице-министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан ШАЛАБЕКОВОЙ Ә.Л. 10

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

МӘКЕЖАНОВ С.А. 11

АРҒЫНБЕКОВА А.С. 12

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі С.М. ДҮЙСЕМБИНОВТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий ДЮСЕМБИНОВА С.М. 13

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. 14

БЕКТАЕВ Ә.Ә. 15

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

О внесении изменений и дополнений в Регламент Сената Парламента Республики Казахстан.

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. 16

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу
туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития агломераций» (второе чтение)

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік
комитетінің мүшесі Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству КУРТАЕВА А.С. 18

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер
дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы
жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам растительного мира и особо охраняемых природных территорий» (второе чтение)

**Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды
дамыту комитетінің мүшесі С.М. ДҮЙСЕМБИНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий ДЮСЕМБИНОВА С.М. 20

**Депутат Д.М. МУСИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата МУСИНА Д.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 21

**Депутат А.Ж. ҚАПБАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КАПБАРОВОЙ А.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 23

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы»
РМК директоры

Стенографиялау қызметінің
басшысы



А. Құсайынов

Г. Молдашева